

МЕНЕДЖМЕНТ – ӘРҚАШАН СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауларында тұрғындарды жұмыспен қамту, еңбекке ынталандыру және халықтың табысын молайту мақсатында жастардың кадрлық әлеуетін жақсарту қажеттігін үнемі айтып келеді.

Бүгінде еңбек нарығында білікті менеджерлер мен маркетологтарға сұраныстың жоғары болғаны сонша, басқарушылық лауазымдарға көбінесе экономист, заңгер, қаржыгер және есепші біліктілігі бар тұлғалар орналасады. Бірақ, олардың ұйымдастырушылық және басқарушылық пәндер бойынша білімі жетіспейді, оны тек менеджер біліктілігі бар тұлғалар ғана алады. Сонымен бірге, қазір экономикада қалыптасқан жағдай басқарушылардың белгілі бір ұйым үшін де, жалпы мемлекет үшін де қалыптасқан тыс ойлау және стратегиялық маңызды шешімдерді дер кезінде қабылдау қабілеті бөлуін талап етіп отыр.

Менеджер – кәсіпорындағы белгілі бір процестерді басқаруға, үйлестіруге және бақылауға міндетті адам. Басқаша

айтқанда, бұл белгілі бір қызмет саласының тиімді жұмыс істеуіне жауапты менеджер немесе көшбасшы. Қазіргі таңда менеджер өте қызықты, сұранысқа ие мамандық. Яғни, осындай білімі бар адамдар әрқашан жақсы жұмыс таба алады.

Менеджерлерге сұраныстың жоғары болуы мамандықтың салааралық сипатымен түсіндіріледі, өйткені бұл біліктілікті алған тұлғалар халық шаруашылығының барлық дерлік салаларында: экономикада, бизнесте, өндірісте, мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда жұмыс істей алады. Менеджерлер әрқашан қажет болды және қажет болады. Жұмыс берушілер арасында менеджерлерге деген тұрақты сұранысты қамтамасыз етуде менеджментте ғана емес, сонымен қатар, экономика, маркетинг, жарнама және психология бойынша білім ке-

шенін қамтитын мамандықтың жан-жақтылығы маңызды рөл атқарады.

Осы орайда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы жұмыс істеп тұрғанын айта кеткен жөн. Бүгінгі таңда кафедра Оңтүстік Қазақстан университетінің мықты құрылымдық бөлімшелерінің біріне айналды. Сонымен қатар, менеджмент және маркетинг саласының кәсіби құзыреттілігі жоғары, көшбасшылық қасиеті бар мамандарды даярлап, патриоттық рухта тәрбиелейтіні белгілі.

Кафедрадағы білім берудің дәстүрлі ерекшеліктері теориялық іргелі білімнің арнайы қолданбалы дайындықпен үйлесуіне негіз болады. Білім алушылардың зерттеу және талдау жұмыстары мен шығармашылық ойлау қабілетін дамы-

туға зор үлес қосады. Мұның өзі барлық түлектерге кәсіби қызметтің өзгермелі талаптарына тез және сәтті бейімделуге мүмкіндік береді.

Кафедрадағы мамандар даярлау сапасының жақсарғанының бірден-бір дәлелі ретінде біздің түлектеріміздің мемлекеттік органдар, ғылыми және жоғары оқу орындары, жеке компаниялар, халықаралық ұйымдар, фирмалар мен мекемелер тарапынан үнемі сұранысқа ие болып келе жатқанын айта аламыз.

Тофик АЙДАРОВ,
«Менеджмент және маркетинг»

кафедрасының
меңгерушісі, экономика
ғылымдарының кандидаты,
доцент

Айнұр ЖЕТІБАЕВА,
Магистр, аға оқытушы